

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 21744 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 62) тармақшасына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі М.Е. Шорановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 8 желтоқсаны
№ ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына
1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 62) тармақшасына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – МӘМС туралы Заң) 34-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

2. ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуды қор жүзеге асырады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін орналастыру (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу) арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) апелляциялық комиссиясы – ТМҚҚК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша туындайтын мәселелерді қарау үшін қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері құратын тұрақты жұмыс істейтін орган;

2) бірлесіп орындаушы – ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі – дерекқор) енгізілген, жасасқан көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттемелерінің бір бөлігін орындау үшін бірлесіп орындау шартын қызметтер беруші жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

3) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспары - денсаулық сақтау ұйымдарының бұрыннан бар желісі, жоспарланып отырған қайта құрылымдау (ашу, біріктіру, жабу, қайта бейіндеу) жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ денсаулық сақтаудың жаңа объектілеріне қажеттілік және инвестицияларды жоспарлау туралы ақпаратты көрсететін өңірдің инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді жоспары;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасын саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) денсаулық сақтау субъектілері - денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

6) денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) дерекқор – Кодекстің 7-бабы 67) тармақшасының негізінде бекітілген ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу тәртібіне (бұдан әрі – Есепке алу қағидалары) сәйкес қор қалыптастыратын ТМҚҚК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі;

8) жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектісі – денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарына енгізілген және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алғаш рет пайдалануға қабылданған жаңадан салу арқылы немесе қолданыстағы объектіні өзгерту арқылы алғаш рет ашылған объект;

9) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызмет – диагностика мен емдеудің инновациялық, ресурсты қажет ететін және (немесе) бірегей әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейінді мамандар көрсететін қызмет;

10) қор – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

11) қордың активтері – қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендегі аударымдар және жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, қорға түсетін өзге де түсімдер;

12) қордың күтпеген шығыстарға арналған резервтері – ай сайынғы негізде қалыптастырылатын жабу кезеңінде күтпеген шығыстарды қаржыландыру үшін қордың ағымдағы қаржы жылына көзделген, қаражаты;

13) қордың филиалы – қордың тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі;

14) көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталы (Қағидаларға қатысты) – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне бірыңғай қол жеткізу нүктесін беретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – веб-портал);

15) құжаттың электрондық көшірмесі – құжаттың түпнұсқа түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

16) қызметтер беруші – қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

17) МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек – қордың активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтер тұтынушыларға ұсынылатын медициналық көмек көлемі;

18) медициналық ақпараттық жүйе – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

19) медициналық көмек – дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

20) медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестік деңгейі;

21) медициналық көрсетілетін қызметтер – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оналту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

22) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган - медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында басшылықты, медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

23) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – МСАК субъектісі) – "Бекітілген халық тіркелімі" (бұдан әрі – БХТ) порталында тіркелген бекітілген халыққа ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

24) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының өзге де талаптары айқындалатын жазбаша келісім;

25) өндірістік база – Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген лицензияға қосымшаға сәйкес медициналық қызметтер көрсету орны;

26) республикалық денсаулық сақтау ұйымдары – уәкілетті органның карамағындағы денсаулық сақтау ұйымдары, дербес білім беру ұйымының денсаулық сақтау ұйымдары, медициналық білім беру ұйымдары;

27) тәуелсіз сарапшы – уәкілетті орган айқындайтын талаптарға сәйкес келетін және тәуелсіз сарапшылар тізілімінде тұрған жеке тұлға;

28) ТМККК қосымша қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

29) ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін , қор мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

30) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі (Қағидаларға қатысты) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және денсаулық сақтау субъектілерімен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты қоса алғанда, денсаулық сақтаудың

ақпараттық жүйелерін ақпараттық-техникалық сүйемелдеу бөлігінде цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін заңды тұлға;

31) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

32) электрондық цифрлық қолтаңба– электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу тәртібі

4. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті орган (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) айқындаған COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар және COVID-19 коронавирусына және (немесе) вирустық пневмонияға күдікті науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісінен немесе медициналық емес ұйымнан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қор медициналық қызметтерді сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдерін өткізбей жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау басқармасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тізбе бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тізбені қордың филиалына жібереді.

COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар, COVID-19 коронавирусына және (немесе) вирустық пневмонияға күдікті науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы қызметтерді көрсету басталған күннен бастап кезеңге қолданылады.

5. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтердің көлемдерін жоспарлау;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау;

3) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу;

4) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау кезеңдерінен тұрады.

6. Медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алуды ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алудың жоспары негізінде жүзеге асырылады.

7. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау тәртібі Кодекстің 7-бабы 63) тармақшасының негізінде бекітіледі.

8. Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру үшін қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Қордың орталық аппараты жанында республикалық комиссия құрылады, қор филиалдары жанында өңірлік комиссиялар құрылады.

9. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды.

10. Комиссия құрамы қордың (немесе) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері шешімімен:

1) қордың;

2) қордың республикалық комиссияның құрамына енгізу үшін уәкілетті органның;

3) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жанындағы комиссияның немесе өңірлік комиссияның құрамына енгізу үшін денсаулық сақтау басқармасының;

4) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) және (немесе) пациенттердің, денсаулық сақтау субъектілерінің немесе медицина қызметкерлерінің мүддесін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі – ҮЕҰ);

5) өңірлік комиссияның немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жанындағы комиссияның құрамына енгізу үшін медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің;

6) цифрлық денсаулық сақтау субъектісінің өкілдері қатарынан құрылады.

Кандидатуралар келесі қаржы жылына арналған комиссияның құрамын қалыптастыру үшін сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ресми хатпен ұсынылады.

11. Комиссия құрамына енгізу және жыл ішінде комиссия құрамынан мүшелерді шығару комиссия мүшесін ұсынатын ұйымның жазбаша растауы негізінде жүзеге асырылады.

12. Шешім қабылдауға құқығы бар және сатып алуға үміткер денсаулық сақтау субъектісінің құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын комиссия мүшесі (не оның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары) аталған денсаулық сақтау субъектісінен өтінімдер келіп түскен денсаулық сақтау субъектілерді таңдау және қызметтерді орналастыру рәсіміне қатысу кезінде алып тастау туралы жазбаша түрде өтініш ұсынады.

13. Қордың жанындағы комиссия төрағасы және комиссия төрағасының орынбасары қордың лауазымды адамдары, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің жанындағы комиссиясы үшін – бюджеттік бағдарламалардың әкімшінің лауазымды адамдары болып табылады.

Комиссия төрағасы комиссияның қызметін басқарады, оның жұмысты жоспарлайды

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

14. Республикалық немесе өңірлік комиссияның ұйымдастырушылық қызметін қор қызметкерлері қатарынан, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің жаңындағы комиссияның – бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің қызметкерлері қатарынан хатшы қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

15. Комиссияның шешімі, егер шешім қабылдауға оның құрамына кіретін мүшелердің үштен екі бөлігі қатысса, заңды болып есептеледі.

Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және комиссияның қатысқан мүшелерінің жай көпшілігі дауыс берген болса, қабылданған деп есептеледі.

Дауыстар тең бөлінген жағдайда, комиссия төрағасының немесе оны алмастыратын адамның даусы шешуші болып табылады.

Комиссия мүшесі конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі жазбаша немесе электрондық түрде ерекше пікір ұсынады.

16. Комиссия мүшесі қатарынан үш рет дауыс беруде қатыспаған жағдайда, қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тиісті өкілдікке басқа кандидатурамен алмастыру туралы ұсыныс енгізеді.

17. ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдауды осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырылады.

Дерекқорды қалыптастыру тәртібі Кодекстің 7-бабы 67) тармақшасының негізінде бекітілген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларымен айқындалады.

18. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және қызметтер көлемін орналастыру веб-портал арқылы немесе қағаз нысанда жүзеге асырылады.

19. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтердің көлемі және (немесе) қаражаттың көлемі мынадай

кездерде сатып алу жоспарының шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдерін өткізбей орналастырылады:

1) қызметтерді сатып алу шарттары жасалған денсаулық сақтау субъектілері арасында орналастыру кезінде Кодекстің 7-бабы 67) тармақшасының негізінде бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтер өзгерген жағдайларда;

2) уәкілетті органның шешімі бойынша пилоттық жобалар іске асырылған;

3) дерекқорға енгізілген, жаңадан енгізілген денсаулық сақтау объектісі бар және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқық актілердің нормаларына сәйкес келетін МСАК денсаулық сақтау субъектісінің МСАК қызметтерін, халықтың нысаналы топтарына скринингтік зерттеулерді және профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу кезінде қызметтерін және ақы төлеу бекітілген халыққа есептегенде жүзеге асырылатын консультациялық-диагностикалық көмек қызметтерін сатып алуға алғашқы қатысуы;

4) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес қайта ұйымдастырылатын қызметтерді сатып алу шартын жасаған денсаулық сақтау субъектісі қормен немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен қызметтерді сатып алу шартын жасасқан оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар жағдайда денсаулық сақтау субъектісіне міндеттемелерінің құқық мирасқорлығы жағдайларында денсаулық сақтау субъектісін қайта ұйымдастырған;

5) МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне бекітілген халықтың саны өскен және (немесе) бекітілген халықтың жастық-жыныстық құрылымы өзгерген және (немесе) МСАК субъектілеріне бекітілген оқушылар саны өскен;

6) кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша төленетін медициналық көмек көрсеткен кезде науқастардың саны өскен;

7) кешенді жан басына шаққандағы нормативіне кіретін қызметтер немесе қаражат, сондай-ақ ақы төлеу кешенді тариф бойынша немесе жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылатын медициналық көмек көрсету кезінде нақты шығындар бойынша төленетін қызметтер көлемінің және шығыстардың ұлғаюы;

8) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауыл елді мекенге жататын кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша төленетін денсаулық сақтау субъектілерімен халыққа көрсетілетін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайындағы медициналық көмекке көлемі немесе қаражаттың ұлғайту;

9) ТМККК шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге емделуге медициналық көмек көрсету және (немесе) отандық медициналық ұйымдарда емдеу үшін шетелдік мамандарды тарту үшін қызметтерін сатып алған;

10) 2010 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес Ресей Федерациясының федералдық медициналық ұйымдары Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешені ресей ұйымдарының жұмыскерлері болып табылмайтын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешені аумағында уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына қызметтер көрсетуі;

11) қордың күтпеген шығыстарға резервінің есебінен денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтер көрсетуі;

12) COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар, COVID-19 коронавирусына және (немесе) вирустық пневмонияға күдікті науқастарды емдеу бойынша қызметтер көрсетуі;

13) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай қолданылған кезеңде қызметтер көрсетуі;

14) егер тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының шығыстарында қажеттілігі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасынан асып кеткен жағдайда осы шарттар жасалған мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы денсаулық сақтау субъектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті бюджетінің қаражатынан жергілікті өкілді органның шешімі бойынша өтеу кезде;

15) әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің медициналық (медициналық) бөлімшелерінің қызмет көрсеткен кездерде;

16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысымен бекітілген ТМККК тізбесіне және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген МӘМС жүйесіндегі медициналық көмек тізбесіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу кезінде. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тізбелердің өзгеруіне байланысты қызметтердің босатылған көлемін орналастыру сол денсаулық сақтау субъектілеріне босатылған қаражаттан аспайтын көлемде жүзеге асырылады. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемі және (немесе) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат көлемі және (немесе) қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі комиссия шешімінің негізінде орналастырылатын 3), 10), 15) және 16) тармақшаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, көрсетілетін қызметтерді сатып алу

шарттарын немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісім жасасу түрінде орналастырылады.

20. Алдағы қаржы жылына арналған ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтердің көлемін орналастыру үшін дерекқордан денсаулық сақтау субъектілерін таңдау жыл сайын жүргізіледі және мынадай дәйекті кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің қатысуымен бекіту науқанын өткізу және өңірлік комиссиямен бекіту науқанының қорытындысын шығаруы (МСАК қызметтерді сатып алу кезінде);

дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көлемін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарландыру жолымен хабарламасы;

денсаулық сақтау субъектілерінің осы Қағидалардың 27 - тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, мәлімделген кезеңге ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінім беруі (бұдан әрі – жоспарланған көлемге өтінім);

денсаулық сақтау субъектілерінің көлемдерді орналастыруға рұқсат беру талаптарына сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасын қалыптастыра отырып, комиссияның жоспарланған көлемдерге өтінімдерді ТМҚҚК шеңберінде және немесе МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне жіберу үшін қойылатын МӘМС туралы Заңның 34-бабының 3-тармағында көрсетілген талаптарға (МӘМС жүйесінде қызметтерге өтінім берген кезде) және осы Қағидаларда көрсетілген талаптарға (бұдан әрі – көлемдерді орналастыруға рұқсат беруге арналған талаптар) сәйкестігін қарауы;

көлемдерді орналастыруға рұқсат беруге арналған талаптарға сәйкес келтірілген жоспарланған көлемдерге өтінімдерді қайта қабылдау және тіркеу;

комиссияның денсаулық сақтау субъектілері ұсынған өтінімдерді қайта қабылдағаннан кейін қарауы және денсаулық сақтау субъектілеріне ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруға рұқсат беруі;

2) екінші кезеңде келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

қызметтер көлемін орналастыру және ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көлемін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамаға қол қою;

ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көлемін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамасы негізінде денсаулық сақтау субъектілерімен қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шартын орындау.

21. МСАК субъектілерінде қызметтерін сатып алу кезінде ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК қызметтерінің көлемдерін орналастыру Кодекстің 123-бабының 4-тармағының негізінде бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту тәртібіне (бұдан әрі – Бекіту қағидалары) сәйкес МСАК қызметтерін көрсету жүзеге асырылатын алдыңғы қаржы жылындағы жылдың 15 қыркүйегінен 15 қарашасына дейінгі кезеңде дерекқорға енгізілген МСАК субъектілерінің қатысуымен жыл сайынғы бекіту науқанын өткізуді қамтиды.

22. Бекіту науқанының басталғаны туралы ақпарат қордың және денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурстарында орналастырылады.

23. Бекіту науқанының қорытындылары бойынша Бекіту қағидаларына сәйкес денсаулық сақтау басқармасының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы бұйрығы негізінде бекіту науқанына қатысқан әрбір МСАК субъектісіне БХТ порталында бекітілген халықтың саны туралы цифрлық денсаулық сақтау субъектісі растаған деректер негізінде бекіту науқаны аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер берушілерді таңдау рәсіміне және көрсетілген қызметтер көлемдерін бөлуге жіберілетін (жіберілмейтін) МСАК субъектілерінің тізбесін айқындайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықты медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту науқанын өткізу қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі – бекіту науқаны қорытындыларының хаттамасы) түрінде шешім қабылдайды.

24. Денсаулық сақтау басқармасының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы бұйрығы негізінде дерекқорға енгізілген және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің нормаларына тиісті, жаңадан енгізілген МСАК объектілері бар денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтердің және қаражат көлемін орналастыру туралы шешім қабылдайды және осы шешімді ТМККК-де және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер көлемін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы комиссияның хаттамасы түрінде ресімдейді.

25. Қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі веб-порталында дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтердің көлемін орналастыру рәсімдерін өткізу туралы хабарландыруды (бұдан әрі – хабарландыру) орналастырады.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтердің көлемін орналастыру рәсімдерін қордың немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің интернет-ресурсында қағаз нысанда өткізу кезде ТМККК шеңберінде және (немесе)

МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында орналастыру рәсімдерін өткізу туралы хабарландыруды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орналастырады.

Денсаулық сақтау басқармалары денсаулық сақтау субъектілерін ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруды өткізу туралы веб-порталға немесе қордың интернет-ресурсына сілтеме орналастыру арқылы өздерінің интернет-ресурстарында орналастыруды жүргізуі туралы хабардар етеді.

26. Денсаулық сақтау субъектілері, оның ішінде бекіту науқан қорытындыларының хаттамасымен денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілген МСАК субъектілері, веб-портал арқылы оларды ашу мерзімі өткенге дейін денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық түрде жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді веб-портал арқылы береді.

Жоспарланған көлемге өтінім өтінім берген денсаулық сақтау субъектісіне веб-порталмен тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте қабылданған болып есептеледі.

Қағаз форматта денсаулық сақтау субъектілері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінім береді.

27. Жоспарланған көлемдерге өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) (заңды тұлғалар үшін)) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес медициналық қызметке лицензияның және жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген оның қызметінің тиісті кіші түрлері бойынша оған қосымшалардың көшірмесі;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының көшірмесі (мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілері береді);

4) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі (денсаулық сақтау субъектілері бар болса береді);

5) жоспарланған көлемдерге өтінімде тиісті технологиялар бойынша Кодекстің 124-бабы 5-тармағының негізінде бекітілген тәртіпке сәйкес берілген денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмекті (бұдан әрі – ЖТМК) ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімде медициналық көмекті көрсетуге көлемдер және сомалар туралы мәліметтер;

7) Денсаулық туралы кодекстің 94-бабына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжаттың көшірмесі (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектіге – эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды немесе оның рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен электрондық нысаны; эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объектіге – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен эпидемиялық маңыздылығы елеусіз объект қызметінің басталғаны (оларды пайдалану) туралы хабарламаның электрондық нысаны) (алғаш рет өтініш білдіргендер және қормен немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен бұрын сатып алу шартын жасамағандар денсаулық сақтау субъектілері үшін, сондай-ақ өндірістік қуатын ұлғайтқан немесе соңғы жыл ішінде медициналық қызмет көрсету бейінін өзгерткен денсаулық сақтау субъектілері үшін);

8) ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ақылы негізде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді ұсынбау туралы міндеттеме;

9) басшының міндетін атқарушыға (басшының орнын басқан кезде) бұйрықтың көшірмесі (өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде);

10) сенімхаттың түпнұсқасы (басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда) (өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде).

Қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде тиісті интеграцияланған ақпараттық жүйелерден осы құжаттардағы ақпаратты алу мүмкіндігі болған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

28. Денсаулық сақтау субъектілерін қағаз нысанында таңдау жүргізілген жағдайда жоспарланатын көлемдерге өтінім тігілген және нөмірленген түрде, түзетулерсіз және түзетулерсіз беріледі, бұл ретте соңғы бет басшының немесе оның сенім білдірілген адамының қолымен расталады.

Денсаулық сақтау субъектінің басшысының шешімі бойынша өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды денсаулық сақтау субъектісі берген, басшының немесе ол сенім білдірген адамның қолымен расталған жоспарланған көлемге өтінім беру құқығына арналған сенімхат негізінде денсаулық сақтау субъектісінің сенім білдірілген адаммен ұсынылады немесе пошта байланысы қызметтері арқылы ұсынылады.

29. Денсаулық сақтау субъектісі жоспарланып отырған көлемге өтінімді оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алады.

30. Веб-порталда комиссия мүшелеріне, жоспарланған көлемге өтінім берген денсаулық сақтау субъектілеріне жоспарланған көлемге өтінімдерді ашу туралы автоматты хабарламалар жіберіледі.

31. Өтінімдерді қағаз түрінде қабылдаған жағдайда қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімдерді тіркеу журналында өтінімдерді тіркеуді жүзеге асырады, ол күнтізбелік жыл бойынша жүргізіледі, тігіледі, нөмірленеді.

32. Жоспарланған көлемдерге өтінім оларды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен қаралмайды.

33. Республикалық комиссияға дерекқорға енгізілген және ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері жоспарланатын көлемге өтінім береді.

34. ЖТМК қоспағанда, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруға үміткер денсаулық сақтау субъектілері тиісті хабарламада көрсетілген қызметтерге өңірлік деңгейде қызметтер көрсету үшін өндірістік базаның орналасқан жері бойынша өңірлік комиссияға немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жанындағы комиссияға жоспарланатын көлемге өтінім береді.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың қарауындағы денсаулық сақтау субъектілері өндірістік базаның орналасқан жеріне қарамастан, жергілікті атқарушы органдардың аумағындағы өңірлік комиссияға жоспарланатын көлемге өтінім береді.

35. Комиссияның ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыруы қызметтерді сатып алу жоспары негізінде дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру кезінде денсаулық сақтау басқарманың медициналық көмектікөрсететін жағдайлары бойынша жаңа қызметтер берушілердің қызметтеріне қажеттілігі (қажеттілігінің жоқтығы) туралы ұсыныстары ескеріледі.

36. Комиссия мүшелерін жинау жолымен комиссия отырысын өткізу кезінде, комиссия хатшысы комиссия мүшелеріне комиссия отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын отырыс өткізілетіні туралы жазбаша (электрондық) нысанда хабарлайды.

37. Комиссия жоспарланатын қызметтерге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қарайды және оларды мынадай жағдайларда қабылдамайды:

1) көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарға және (немесе) қағаз форматта берілген жағдайда – хабарландыру шарттарына сәйкес келмейтін жоспарланатын қызметтерге өтінімді және (немесе) оларға қоса берілетін құжаттарды ұсыну;

2) Осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілетін құжаттар ұсынылмаған жағдайда.

38. Комиссияның жоспарланған көлемдерге арналған өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігін қарау қорытындылары бойынша жоспарланатын көлемдерге өтінімді қабылдау аяқталған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде денсаулық сақтау субъектілерінің талаптарға сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасы жасалады және қол қойылады, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне жіберу үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы хаттама (бұдан әрі – сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасы)).

Көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға сәйкес келмейтін денсаулық сақтау субъектілеріне оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілген хаттамадан үзінді көшірме жіберіледі.

ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде денсаулық сақтау субъектілеріне веб-портал арқылы сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасын орналастыру туралы хабарлама автоматты түрде жіберіледі.

39. Көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға сәйкес келмейтін денсаулық сақтау субъектілеріне хаттамадан үзіндіні немесе сәйкестік (сәйкессіздік) хаттамасын орналастыру туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жоспарланған көлемдерге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды көрсетілген талаптарға сәйкес келтіру мүмкіндігі беріледі.

40. Егер қайта ұсынылған өтінім және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға қайтадан сәйкес келмесе, онда өтінім осы Қағидалардың 49-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қабылданбайды.

Комиссия МСАК субъектілеріне алдағы қаржыландыру жылына ТМҚКК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге қызметтердің көлемдерін орналастыру (орналастырмау) туралы шешімді медициналық қызметтерді сатып алу жоспарының негізінде көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарды ескере отырып, қабылдайды.

41. Ағымдағы жылдың ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтерді сатып алу шарттары жасалған қызметтер берушілер арасында және (немесе) медициналық қызметтерді сатып алу жоспары шегінде дерекқордан жаңа денсаулық

сақтау субъектілерін тарта отырып, алдағы қаржы жылына арналған бекіту науқанын өткізу кезеңін қоспағанда, осы Қағидаларға сәйкес денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдері мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) қызметтердің орналастырылмаған көлемінің болуы;
- 2) қызметтердің босаған көлемінің болуы;
- 3) ағымдағы қаржы жылында медициналық қызметтерді сатып алу жоспарының өзгеруі.

42. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін комиссия денсаулық сақтау субъектілерінің немесе қызметтер берушілердің ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру рәсіміне жіберілген қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімдерді құжаттарды қайта қабылдау аяқталған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

43. Комиссия ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде ақпараттық жүйелерде қолжетімді деректерді, сондай-ақ қолжетімді ақпараттық жүйелерде болмаған жағдайда денсаулық сақтау субъектілерінен, қызметтер берушілерден, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтерді пайдаланады.

Комиссия жоспарланған көлемге өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға және (немесе) құжаттарды ұсыну оларды ауыстыруға байланысты комиссияның сұрау салуларын жүзеге асырмайды.

44. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде комиссияның шешімі бойынша құзыретті қорытынды алу мақсатында тәуелсіз сарапшылар, денсаулық сақтау саласындағы бейінді мамандар (бұдан әрі – сарапшылар) тартылады.

45. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшы қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

46. Сараптамалық қорытындыны өтінімдерді қарау, қызметтер көлемін орналастыру кезінде комиссиямен қаралады.

47. Кодекстің 69-бабы 6-тармағының негізінде айқындалған аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымдарының ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде шарттар жасасуға артықшылық құқығы болады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу кезінде:

- 1) Кодексіне сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттеуден өткен;
- 2) көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылған айдың алдындағы үш жыл бойы Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз тиісті медициналық көмек ұсыну тәжірибесі бар денсаулық сақтау субъектілері басым құқыққа ие болады.

48. Көрсетілетін қызметтер көлемін денсаулық сақтау субъектілері арасында бөлу:

1) ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайындағы медициналық көмектің көлемдерін бөлу кезінде денсаулық сақтау басқармасымен келісілген, төсек бейіндері бөлінісінде төсектердің өткізу қабілетінескере отырып, денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуаты;

2) медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін сипаттайтын денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінен немесе медициналық ақпараттық жүйелерден көрсетілетін қызметтер мен деректерді ұсыну тәжірибесі;

3) шарттық міндеттемелер, оның ішінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторинг нәтижелері;

4) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспары;

5) денсаулық сақтау субъектілерінде өткен жылы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне негізделген шағымдардың болмауы;

6) Кодекстің 8-бабы 9)-тармақшасының негізінде бекітілген денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу тәртібіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеудің неғұрлым жоғары санаты;

7) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспары;

8) бекіту науқанының қорытындысын (МСАК қызметтерінің көлемдерін бөлу кезінде), есепке алып комиссиямен жүзеге асырылады.

49. Осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген бірінші кезең рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін комиссиямен денсаулық сақтау субъектілеріне қызметтердің көлемдерін орналастырмау негіз болып табылады:

1) көлемдерді орналастыру рәсіміне жіберу үшін талаптарға сәйкес келмеуі;

2) өтінімде және (немесе) соған қоса берілетін құжаттарда шын емес ақпаратты ұсыну;

3) денсаулық сақтау субъектілерінің Кодексте және денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыру талаптарына сәйкес келмеуі;

4) денсаулық сақтау субъектісінің сатып алу өткізілетін күннің алдындағы он екі ай ішінде қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына (көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қосымша) келісімге қол қоюдан жалтаруы;

5) объектінің Кодекстің 94-бабының негізінде бекітілген денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмеуі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көзделген негіз бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жоспарланатын көлемдеріне өтінімдер қабылданбаған жағдайда, ТМККК-де және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттамада денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына сілтеме көрсетіледі.

50. Комиссия осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтер көлемдерін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттама (бұдан әрі – қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы) түрінде шешім қабылдайды.

51. Денсаулық сақтау субъектісінің немесе тиісті сенімхат негізінде оның өкілінің сұрау салуы бойынша қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны беру туралы тіркей отырып, көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру хаттамасынан үзінді көшірме береді.

52. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру үшін денсаулық сақтау субъектілерін таңдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру хаттамасы қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу үшін ақпараттық жүйелерге автоматты түрде беріледі.

Денсаулық сақтау субъектісіне қызметтер көлемін орналастыру хаттамасынан үзінді автоматты түрде жіберіледі.

Қызметтер көлемін орналастыру хаттамасы жарияланады және веб-порталда қолжетімді.

Сатып алуды өткізудің қағаз нысаны кезінде қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасы қордың немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі интернет-ресурсында орналастырылады және қолжетімді болады.

53. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын жасасу қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен үлгі нысан бойынша көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу кезінде уәкілетті органмен келісім бойынша қор бекіткен ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартына қосылған болып есептеледі.

Көрсетілген қосылу шарты қордың немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда орналастырылады.

54. Комиссияның шешімі бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шарттарын:

1) осы әкімшілік-аумақтық бірлікте көрсетілетін қызметтерді жалғыз қызметтер берушелер және МСАК субъектілері болып табылатын ауыл субъектілерімен бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге;

2) үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге:

мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде іске асырылатын және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарына енгізілген денсаулық сақтау субъектілерімен;

мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде сатып алынған медициналық техниканы пайдалана отырып диагностикалық және емдеу қызметтерінің жекелеген түрлерін көрсетуге арналған және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарына енгізілген сақтау субъектілерімен жасайды.

Бұл ретте қызметтерді сатып алу шарттарының сомаларын айқындау жыл сайын жүзеге асырылады.

55. Алдағы жылға көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімі ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін жүзеге асырылады.

56. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасы көрсетілетін қызметтер көлемдерін орналастыру хаттамасына қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне веб-порталда сатып алуды өткізу кезінде ЭЦҚ-ны қолдана отырып, ақпараттық жүйелер арқылы жіберіледі немесе қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі сатып алуды қағаз нысанда өткізу кезінде жібереді.

Денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының көрсетілген жобаларын алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде веб-порталда сатып алуды өткізу кезінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып немесе қағаз нысанда сатып алуды жүргізу кезінде қорға немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қол қойылған шарттарды ұсына отырып, оларды ақпараттық жүйелер арқылы келіседі және қол қояды.

57. Денсаулық сақтау субъектісі осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына қол қоюдан бас тартқан жағдайда, денсаулық сақтау субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасудан жалтарған деп танылады, ал осы шарт бойынша көзделген ТМҚҚ және (немесе) МӘМС жүйесіндегі көлемі орналастырылмаған көлемге жатады.

58. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын тіркеу электрондық түрде автоматты түрде немесе қағаз форматта жүзеге асырылады.

59. Қызметтерді сатып алу шарттары жасалған қызметтер берушілердің тізімі есепті айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей қордың немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Есептік қағидаларына сәйкес интернет-ресурсында орналастырылады және өзектендіріледі.

60. Қызметтер берушілер көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша көрсетілетін қызметтердің бір бөлігін орындау үшін осы Қағидалардың 63-тармағында

көзделген дерекқорға енгізілмейтін денсаулық сақтау субъектілерін қоспағанда, дерекқорға енгізілген бірлесіп орындаушылармен олардың өндірістік базасының немесе олардың өкілдігінің (филиалының) өндірістік базасының орналасқан жеріне қарамастан, бірлесіп орындау шарттарын жасасады.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 63-тармағында көзделген, дерекқорға енгізілмейтін денсаулық сақтау субъектілерін қоспағанда, бірлесіп орындаушылар дерекқорға енгізілуі тиіс.

Қызметтер берушінің деректер базасынан бірлесіп орындаушыны осындай таңдауы қормен немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен келісілген болып есептеледі.

Бірлесіп орындаушыларды таңдау кезінде қордың қызметтер берушісі осы Қағидалардың нормаларын басшылыққа алады.

61. Денсаулық сақтау субъектілері бірлесіп орындаушы ретінде пациенттерге ТМҚҚК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық ұйымды және дәрігерді еркін таңдау құқығын іске асыру кезінде МСАК дәрігерінен немесе осы денсаулық сақтау субъектісінің бейінді маманынан айғақтар мен жолдамалар болған жағдайда, онда медициналық ақпараттық жүйелерге енгізілген қызметтер бірлесіп орындау шартын жасасу үшін негіз болып табылған Кодекстің 124-бабы 5-тармағының негізінде бекітілген мамандандырылған медициналық көмекті көрсету тәртіпке сәйкес МСАК маманымен жолдамай қызметтер көрсету жағдайларын қоспағанда, қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді.

Егер МСАК субъектісі мен консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін таңдалған ұйым (бұдан әрі – ҚДК субъектісі) арасында бірлесіп орындаушы ретінде тартуға бірлесіп орындау шарты жасалмаса, МСАК дәрігерінен немесе осы МСАК субъектісінің бейінді маманынан жолдамасы бірлесіп орындаушы ретінде дерекқорға енгізілген МСАК субъектісі мен ҚДК ұйымы арасында бірлесіп орындау шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

62. ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету кезінде қызметтер берушінің бірлесіп орындау шартын мынадай жағдайларда жасамайды:

1) Денсаулық туралы кодекстің 7-бабының 82) тармақшасы негізінде бекітілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету тәртібіне сәйкес МСАК мамандарының көрсететін қызметтері;

2) ЖТМК көрсету үшін қажетті консультациялық-диагностикалық көмектің Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын кейбір түрлерін қызметтерін, оның ішінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоэздік дің жасушаларын іріктеу мен белсендіруді жүзеге асыру кезінде сүйек кемігі донорын және (немесе) гемопоэздік дің жасушаларын тексеру кезінде медициналық қызметтерді қоспағанда, осы қызметтерді көрсету оған көлемдерді орналастыру үшін негіз болып табылған жағдайда ЖТМК-ті;

3) бағдарламалық гемодиализ және перитонеалдық диализ қызметтері, егер осы қызметтерді көрсету оның көлемін қызметтер берушіге орналастыру үшін негіз болып табылса;

4) стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда, егер осы медициналық көмекті көрсету қызметтер берушіге орналастыру үшін негіз болып табылса, көмекті көрсету жағдайларда.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қызметтер көрсетілген жағдайда қызметтер берушінің қызметтер көлемін орналастыру үшін негіз болып табылмайтын консультациялық-диагностикалық көмектің қызметтерді және емдеу іс-шараларының жекелеген түрлерін көрсетуге бірлесіп орындаушымен шарт қызметтер берушінің шешімі бойынша жасалынады.

63. Қазақстан Республикасында ұсынылмайтын жекелеген қызмет түрлерін көрсету кезде қызметтер беруші бірлесіп орындаушы ретінде шетелдік денсаулық сақтау субъектілерін тартады.

Дерек базасына енгізілмеген шетелдік денсаулық сақтау субъектілерін бірлесіп орындаушы ретінде тарту қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Келісу үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және бұл ретте қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шешімі бойынша сарапшылар тартылады.

64. Қызметтер берушінің бірлесіп орындаушыларды тартуы қызметтер берушіні қызметтерді сатып алу шарты бойынша міндеттемелерден және оны орындамағаны, тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

65. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алуға байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары өзгерген немесе толықтырылған кезде қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы осы құқық нормаларына сәйкес келтіріледі. Бұл ретте көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, осындай өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енген күннен бастап тоқтатылады немесе өзгертіледі.

66. ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шартын орындау шарттық міндеттемелерді орындауды қамтиды:

1) қызметтер көрсету және қызметтерді сатып алу шартының талаптарын сақтау арқылы қызметтер берушілер;

2) қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу арқылы.

67. ТМҚКК көрсету кезінде қызметтерге ақы төлеуді қор және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету кезінде қызметтерге ақы төлеуді қор жүзеге асырады.

68. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алуға байланысты мәселелерді шешу үшін қордың, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, уәкілетті органның қор жанындағы комиссияға, "Атамекен" ҰКП және пациенттердің немесе денсаулық сақтау субъектілерінің мүдделерін білдіретін ҮЕҰ өкілдерінен тұратын қордың тұрақты жұмыс істейтін апелляциялық комиссиясы құрылады.

69. Апелляциялық комиссиясы қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен ережеге сәйкес әрекет етеді.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық көмек
көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
I-қосымша
Нысан

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне халықты бекіту науқанын өткізу қорытындысы туралы хаттама

_____ 20 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

(орналасқан жері)

1. Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия):

_____ (комиссия төрағасының және басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 123-бабы 4-тармағының үшінші бөлігі негізінде бекітілген Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларына сәйкес цифрлық денсаулық сақтау субъектісімен ұсынылған жүргізілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне бекіту науқанының қорытындыларын қарады.

2. Бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша комиссия

_____ ашық дауыс беру жолымен

(күні көрсетілсін)

ШЕШТІ:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету

бойынша көрсетілетін қызмет берушілерді таңдау рәсіміне жіберілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) субъектілерінің мынадай тізбесі айқындалсын:

р/с №	БСН/ЖСН	МСАК денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Заңды мекенжайы	Бірыңғай халық тіркелімі порталында тіркелген, бекітілген халықтың саны
1	2	3	4	5

3. Комиссия бекіту науқанының қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен ШЕШТІ:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызмет берушілерді таңдау рәсіміне жол берілмейтін дерекқорға енгізілген МСАК денсаулық сақтау субъектілерінің мынадай тізбесін айқындау:

Р/с №	БСН/ЖСН	МСАК-тың денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Заңды мекенжайы	БХТ порталында тіркелген, бекітілген халықтың саны	Себебін көрсету
1	2	3	4	5	6

Осы шешім үшін дауыс берді: ҚОЛДАЙМЫН _____ дауыс;
ҚАРСЫМЫН _____ дауыс.

(комиссия төрағасының, басқа мүшелері мен комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолдары)

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосылған денсаулық сақтау субъектілерінің арасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарландыру

_____ (қордың (филиалдың) немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауын көрсету) _____ тармаққа (тармақшаға) сәйкес

(көрсетілсін: тармақтың (тармақшаның) нөмірі және құқықтық актінің атауы)

Осы қаржы жылына ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын немесе ТМККК қосымша қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатып алу шартын жасасқан және (немесе) дерекқорына енгізілген жаңа денсаулық сақтау субъектілерін тарта отырып (қажетті нұсқаны көрсету), денсаулық сақтау субъектілерінің арасында 20__ жылға

_____ (керектісі көрсетілсін: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде) медициналық көмекті түрі (-лері) /көрсететін жағдайлар _____

_____ бойынша медициналық көрсетілетін көлемдерін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарлайды*.

Көрсетілген медициналық көмектің түрлері/ көрсететін жағдайлары (бұдан әрі – медициналық көрсетілетін қызметтер)

_____ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың атауы) аумағында (халық үшін) көрсетіледі.

Медициналық қызметтердің жоспарланып отырған көлемдеріне арналған өтінімдерді (бұдан әрі – өтінімдер) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмегін көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына қосылған денсаулық сақтау субъектілері

_____ (керектісі көрсетілсін: қордың/қор филиалының немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

_____ мекенжайы бойынша № _____ кабинетте (бар болса).

(мекенжайы көрсетілсін)

Өтінімдерді қабылдау басталатын күн 20__ жылғы " __ " _____ сағат __ __ минут.

Қатысуға арналған өтінімдерді және оған қоса берілетін құжаттарды ұсынудың түпкілікті мерзімі 20__ жылғы " __ " _____ сағат _____ минутқа дейін.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мынадай телефон(дар) арқылы алуға болады

:

_____ (қаланың коды мен телефон(дардың) нөмірі (лері))

Ескертпе*

Ескертпе:

* қажет болған жағдайда көрсетіледі.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық көмек
көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемдеріне арналған өтінім

(қордың/қор филиалының немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен орналасқан жері)

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

(керегі көрсетілсін:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде;

мынадай медициналық көмектің түрін (-лерін)/ жағдайлары/қызметтері бойынша*:

(денсаулық сақтау субъектісі көрсетуге үміткер медициналық көмекті көрсету жағдайларын/ көрсетуге өтінім береді.

Осы өтініммен денсаулық сақтау субъектісі денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісемін.

Осы өтініммен денсаулық сақтау субъектісі:

ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын;

медициналық қызметке лицензияның сәйкестігін;

медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қажетті кадрлық ресурстардың болуын;

медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемдерін орындау үшін қажетті медициналық техниканың болуын;

хабарландырудың шарттарымен танысқанын растайды.

Осы өтінім хабарландыруда талап етілетін мерзім ішінде қолданыста болады.

Осы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. _____ (_____ парақ)

(құжаттардың атауы көрсетіледі) (парақ саны көрсетіледі)

2. _____ / _____

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса) Толтырылған күні _____ Ескертпе:

* тегін медициналық қызметтің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсімдерін өткізу туралы хабарландыруға сәйкес көрсетіледі.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және міндетті
әлеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
денсаулық сақтау
субъектілерінен көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдеріне өтінімде көрсетілген медициналық көмекті көрсетуге көлемдер және сомалар туралы мәліметтер Бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге көлемдер және сомалар туралы мәліметтер

р/с №	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер және сомалар			20__ жыл	
	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	Бекітілген халықтың	Сатып алу шартының мәлімделетін
	Сатып алу шартының	Сатып алу шартының	Сатып алу шартының		

	Бекітілген халықтың саны	сомасы, теңгеде	Бекітілген халықтың саны	сомасы, теңгеде	Бекітілген халықтың саны	сомасы, теңгеде	мәлімделетін саны, адам	сомасы, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ*

Ескертпе**

_____ / _____
 (денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда мыналарды:

мәлімделген бекітілген халықтың саны;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 7-бабының 65) тармақшасына сәйкес бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық көрсетілетін қызметтеріне тарифтерін (бұдан әрі – тарифтер);

мәлімделген сомасын;

қорытынды сомасын көрсете отырып, қызметтер бөлінісінде мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

* қажет кезде толықтырылады.

Консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуге көлемі мен сомалары туралы мәліметтер

р/с №	Қызметтердің коды	Консультациялық-диагностикалық көмек қызметтердің атауы *	Алдыңғы кезеңдегі көлемдер және сомалар		
			20__ жыл		20__ жыл
			Көрсетілген консультациялық-диагностикалық көмек қызметтердің саны	Сомасы, теңгеде	Көрсетілген консультациялық-диагностикалық көмек қызметтердің саны
1	2	3	4	5	6
	Барлығы				

кестенің жалғасы

Мәлімделетін көлемдер мен сомасы	
Консультациялық-диагностикалық көмек қызметтерінің саны	Сомасы, теңгеде
10	11
Барлығы	

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ*

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе**

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда мыналарды:

қызметтердің атауын;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтердің құнын (орташа құнын);

сомасын;

қызметтердің қорытынды сомасын көрсете отырып, қызметтер бөлінісінде мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге көлемі мен сомалары туралы мәліметтер

p/c №	ЖТМҚ коды	ЖТМҚ атауы	Алдыңғы кезеңдегі ЖТМҚ көлемдері және сомасы					
			20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
			Саны	Сом, теңгеде	Саны	Сомм, теңгеде	Саны	Сомм, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы								

кестенің жалғасы

Мәлімделетін көлемдер мен сомасы	
Саны	Сом, теңгеде
4	5
Барлығы	

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ*

Ескертпе**

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда мыналарды:

ЖТМҚ атауын;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтердің құнын (орташа құнын);

ЖТМҚ сомасы;

ЖТМҚ қорытынды сомасын көрсете отырып, қызметтер бөлінісінде мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Бағдарламалық гемодиализ қызметтерін көрсетуге көлемі және сомалары туралы мәліметтер

p/c №	Алдыңғы кезеңдегі көлемдері және сомасы								
	20__ жыл			20__ жыл			20__ жыл		
	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

кестенің жалғасы

p/c №	Мәлімделетін көлемдер мен сомасы		
	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4
Барлығы			

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ*

/

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдің орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе**

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда:

науқастардың санын;

сеанстардың санын;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтердің құнын;

мәлімделген соманы;

қорытынды сомасын көрсете отырып, мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Перитонеалдық гемодиализ қызметтерін көрсетуге көлемі және сомалары туралы мәліметтер

p/c №	Алдыңғы кезеңдегі көлемдері және сомасы								
	20__ жыл			20__ жыл			20__ жыл		
	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

кестенің жалғасы

р/с №	Мәлімделетін көлемдер мен сомасы		
	Науқастар саны	Сеанстар саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4
Барлығы			

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ*

/

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе**

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда:

науқастардың санын;

сеанстардың санын;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтердің құнын;

мәлімделген соманы;

қорытынды сомасын көрсете отырып, мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Мамандандырылған медициналық көмек көлемдері мен сомалары туралы мәліметтер*

р/с №	Медициналық көмектің нысаны	Алдыңғы кезеңдегі көлемдері және сомасы					
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Емделген жағдайлардың/ төсек-күндердің саны	Сома, теңгеде	Емделген жағдайлардың/ төсек-күндердің саны	Сома, теңгеде	Емделген жағдайлардың/ төсек-күндердің саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы							

кестенің жалғасы

Мәлімделетін көлемдер мен сомалар	
Емделген жағдайлардың/ төсек-күндердің саны	Сома, теңгеде
9	10
Барлығы	

Осы мәліметтерге қосымша ___ парақ.*

/

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы

, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы) Мөрдiң орны (бар болса) Толтырылған күні _

Ескертпе**

Ескертпе:

* клиникалық-шығындық топтар бойынша емделген жағдайға тариф бойынша, есептік орташа құны бойынша, төсек-күндер бойынша, медициналық-экономикалық тарифтер бойынша; нақты шығыстар бойынша төленетін мамандандырылған медициналық көмек көрсеткенге өтiнiм берген жағдайда толтырылады;

** осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда:

жағдайлар саны (төсек-күндер);

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтер құны (орташа құны);

мәлімделген сома;

қорытынды сомасын көрсете отырып, мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

*** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Жедел медициналық көмек және мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көлемдері мен сомалары туралы мәліметтер

р/с №	Алдыңғы кезеңдегі көлемдері және сомасы						Мәлімделетін көлемдер мен сомалар	
	20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
	Бекітілген халық саны	Сома, теңгеде	Бекітілген халық саны	Сома, теңгеде	Бекітілген халық саны	Сома, теңгеде	Бекітілген халық саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы							

Осы мәліметтерге қосымша __ парак.*

/

(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе**

Ескертпе:

* осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес төмендегілерді көрсете отырып еркін нысанда білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмекті немесе медициналық көмекті көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

мәлімделген бекітілген халық саны,

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес құны;

мәлімделген сома;

қорытынды сома;

** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көлемдері мен сомалары туралы мәліметтер*

Алдыңғы кезеңдегі көлемдері және сомасы							Мәлімделетін көлемдер мен сомалар	
р/с №	20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
	Тіркелген науқастардың (емделген жағдайлардың/төсек-күндердің*) саны	Сома, теңгеде	Тіркелген науқастардың (емделген жағдайлардың/төсек-күндердің**) саны	Сома, теңгеде	Тіркелген науқастардың (емделген жағдайлардың/төсек-күндердің**) саны	Сумма, в тенге	Тіркелген науқастардың (емделген жағдайлардың/төсек-күндердің**) саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы							

Осы мәліметтерге қосымша ___ парак.***

_____ / _____
(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе****

Ескертпе:

*онкологиялық науқастарға, туберкулезбен ауырған науқастарға; АИТВ жұқтырғандарға және (немесе) жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратын, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар тұлғалардың және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты медициналық көмек көрсетуге өтінім берген кезде толтырылады;

** республикалық денсаулық сақтау ұйымдары үшін;

***төмендегілерді көрсете отырып, еркін нысанда осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсетуге мәлімделген соманың есебі қоса беріледі:

мәлімделген тіркелген науқастар саны,

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес құны;

мәлімделген сома;

қорытынды сома;

**** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Қан қызметі көрсететін мәлімделетін қызметтердің көлемдері мен сомалары туралы мәліметтер*

p/c №	Алдыңғы кезеңдегі көлемдері						Мәлімделетін көлемдер	
	20__ год		20__ год		20__ год		20__ год	
	Қызметтердің саны	Сома, теңгеде	Қызметтердің саны	Сома, теңгеде	Қызметтердің саны	Сома, теңгеде	Қызметтердің саны	Сома, теңгеде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы							

Осы мәліметтерге қосымша ___ парак.**

_____ / _____
(денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оның уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөрдiң орны (бар болса)

Толтырылған күні _____

Ескертпе***

Ескертпе:

қан және оның құрамдастарын дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын шығару; ағзалар мен тiндердi трансплаттауды зертханалық сүйемелдеудi қамтамасыз ету бойынша қызметтердi көрсетуге өтiнiм берген жағдайда толтырылады;

** осы мәліметтерге қосымшаға сәйкес еркін нысанда мыналарды:

қызметтердің атауын;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сәйкес қызметтердің құнын (орташа құнын);

сомасын;

қызметтердің қорытынды сомасын көрсете отырып, қызметтер бөлінісінде мәлімделген соманың есебі қоса беріледі;

*** қажет болған жағдайларда толтырылады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлеміне арналған өтінімдерді тіркеу журналы

Р/с №	Күні, уақыты (сағат, минут)	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Өтінім мен оған қоса берілетін құжаттардың парак саны	Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Сенімхаттың № және жарамдылық мерзімі (бар болса)*	Денсаулық сақтау субъектісінің сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжатының №, кім берді, берілген күні (бар болса)	Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе сенім білідірілген адамының қолы	Комиссия хатшысының қолы	Еске
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескерту:

* өтінім пошта байланысы арқылы берілген кезде 1-ден 6-ға дейін бағандар толтырылады, ескертпеде қор кеңсесінде өтініммен бірге пошта жөнелтілімінің тіркелген нөмірі мен күні тіркеледі;

**сенімхат сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжат болған кезде жарамды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу қағидаларына 6-қосымша
Нысан

Денсаулық сақтау субъектілерінің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкестігі (сәйкес келмеуі) хаттамасы

20__ жылғы " __ " _____

(орналасқан жері)

1. Мынадай құрамдағы денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия):

(комиссия төрағасы мен оның басқа да мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы) мынадай денсаулық сақтау субъектісінің ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемдеріне өтінімін қарады:

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы
1	2	3

2. Өтінім қаралды және Сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтін мынадай құжаттарды қамтиды:

р/с №	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Құжаттың атауы	Бекітілген нысанға, оларды ұсыну мерзімдеріне сәйкес келмейді (жоқ)	ескертпе
1	2	3	4	5

3. Комиссия өтінімді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШІМ қабылдады:

1) _____

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді);

2) _____

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы)

ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру рәсіміне рұқсат беру үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді (сәйкес келмейді);

Осы шешімге дауыс берді: ҚАРСЫ ЕМЕС _____ дауыс;

ҚАРСЫ _____ дауыс.

(комиссия төрағасының, оның орынбасарының, басқа да мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық көмек
көрсету бойынша денсаулық
сақтау субъектілерінен

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастырудың (орналастырмау) қорытындысы туралы хаттама

_____ 20__ жылғы " _ " _____
(орналасқан жері)

1. Мынадай құрамдағы денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және олардың арасында көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия):

_____ (комиссия төрағасы мен басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

(керектісінің асты сызылсын: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына енгізілген денсаулық сақтау субъектісі ұсынған медициналық көмектің :

_____ түрі(-лері)/көрсететін жағдайлары бойынша

_____ медициналық көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемін қарады.

2. ТМККК шеңберінде бөлуге арналған сома _____ (_____) теңге*

сомасы санмен және жазбаша).

және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде _____ (_____) теңге.

(сомасы санмен және жазбаша)

3. Комиссия ашық дауыс беру арқылы осы хаттамаға қосымшаға сәйкес есептердің негізінде ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көлемдер мен сомаларды мынадай медициналық көмектің түрі(-лері)/медициналық көмектің көрсететін жағдайлары бойынша орналастырылсын.

р/с № п	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Қызмет көрсету орны (астананы, облысты, республикалық маңызы бар қаланы көрсету)	Сомы (теңге)	Медициналық қызметтердің көлемдері
1	2	3	4	5	6	7

2) _____ (қор филиалының немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

_____ жылғы " ____ " _____ дейін ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын немесе ТМККК қосымша қамтамасыз ету бойынша қызметтерді сатып алу шартын жасасын;

3) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қызметтердің көлемдері орналастырылмасын:

р/с №	БСН/ЖСН	Дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Денсаулық сақтау субъектісінің заңды мекенжайы	Қызмет көрсету орны (астананы, облысты, республикалық маңызы бар қаланы көрсету)	Медициналық көмектің түрі/ көрсету жағдайлары	Себебі (негіздеме)
1	2	3	4	5	6	7

Медициналық көмектің түр(лер)і/ көрсететін жағдайлары бойынша сома__ және (немесе) медициналық

(сомасы санмен және жазумен)

қызметтердің көлемдері орналастырылған жоқ *

Бұл шешім үшін дауыс берді: ҚОЛДАЙМЫН _____ дауыс;

ҚАРСЫМЫН _____ дауыс.

_____ (комиссия төрағасының, басқа мүшелері мен комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолдары)

Ескертпе**:

Есептер _____ парақта қоса беріледі.

(парақ саны көрсетіледі)

Ескертпе:

* қажет болған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 8 желтоқсаны
№ ҚР ДСМ-242/2020
бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15604 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 қыркүйекте жарияланған);

2. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 12 тамыздағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19256 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 27 тамызда жарияланған);

3. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № ҚР ДСМ-145 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19623 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 27 қарашада жарияланған);

4. "Денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № ҚР ДСМ-21/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20182 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 2 сәуірде жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтар тізбесінің 2-тармағы;

5. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 591 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрдің міндетін атқарушының 2020 жылғы 23 маусымдағы № ҚР ДСМ-73/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20895

болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 24 маусымда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК